Ғасырлар бойына Шығыс өркениеті адамның мәнінің “шығыстық қырын” ашуға, Батыс болса “батыстық қырына” мән беріп келді. Алайда, іс жүзінде әрбір адам Шығыстың жаны мен Батыс санасының түйіскен нүктесі сияқты. Өркениеттер адамзаттың өзекті мәселелеріне жауап беріп, үнемі өзгерістегі адам қажеттіліктерін қаншалықты қамтамасыз етсе ғана өміршең болмақ. Өркениеттер диалогы идеясы әлемдік тәртіптегі қарым-қатынастардың басты факторы ретінде осы мәселені естен шығармауы керек. Өркениеттер диалогын орнатудың бірден-бір жолы - өзара әрекеттесу. Яғни, өркениеттер мен мәдениеттер олардың өкілдері арасындағы үнқатысу арқылы жүзеге асады. Өркениеттер диалогы қазіргі әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудың бірден-бір мүмкін және қажетті тетігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы : Білім, 1998. -256 б. - Б. 35-36.

2 “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері”. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ел халқына арнаған Жолдауы // Экономика. № 5(125) 4-10 ақпан 2010 жыл. -Б. 4.

3 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары // Ана тілі. 2010 жылғы 12-19 ақпан.

4 ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері І съезінің жабылу салтанатында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 2003 жыл 25 қыркүйек. – 1 б.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.;

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 28.02.13 редакцияға түсті

С. Ш. Мусатаев, И. А. Калиев

Роль Казахстана в развитии диалога цивилизации

КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы;

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 28.02.13.

S. Sh. Musataev, I. A. Kaliev

The role of Kazakhstan in development of the dialogue between civilizations

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty;
Pavlodar State University named after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 28.02.12.

В статье развитии диалога цивилизации в роль Казахстана придавалось особое значение.

In the article consideration was given to the role of Kazakhstan in development of the dialogue between civilizations.

ӘОЖ 98.365.12

С. Мұсатаев

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕГІ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Берілген мақалада әлемдік тәжірибедегі этносаясаттың тұжырымдамалары қарастырылған.

Құрамында көп түрлі этноәлеуметтік топтар кездесетін әр бір мемлекет үшін этносаясаттың маңызы зор. Ал мұндай, яғни, құрамында байырғы ұлтпен қатар түрлі ұлттық топтар мен этникалық азшылықтар мекендемейтін, халқы бір тілде сөйлеп, бір ортақ дінге сыйынатын, бір текті рухани-мәдени құндылықтарға негізделген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ұстанатын, түрлі әлеуметтік қабаттар мен топтарға жіктелмейтін мемлекет әлемде жоқтың қасы.

Бұл құбылыс бүкіл әлемдік мәнге ие болғандықтан, олардың арасынан құрамында байырғы қазақ ұлтымен бірге кіріккен басқа ұлт өкілдері кездесетін Қазақстан Республикасын да көруімізге болады. Сондықтан да, қоғамымыздың демократизациялануы мен реформалануының ағымдағы және келешектегі міндеттерінің табысты шешілуі қазақстандық барша халықтың өз мүдделерін ортақ мақсатқа түйістіріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына тікелей байланысты. Бұдан мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы тағы бір қырынан көрінсе, демократиялық принциптерге

негізделген, адам құқығын, байырғы ұлтпен қатар этникалық топтардың және олардан құралған түрлі әлеуметтік қабаттардың мүдделерін есепке алатын мемлекеттік этносаясаттың ғылыми концепциясын қалыптастырып, дамыту мәселенің жауаптылығын арттыра түспек.

Мұндай концепцияның басты мақсаты – республиканың бастан өткеріп отырған әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңалануына азаматтық қоғам мен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету арқылы өзіндік үлес қосып, осы игілікті іске барша қазақстандық халықтарды жұмылдыру болмақ. Бұл тұрғыда ұлтаралық қатынастар мен қоғамды реттеудің Батыстық және Американдық үлгілері, Азиядағы дамыған және дамушы көп ұлтты мемлекеттердің тәжірибесі көп нәрсеге үйретері анық. Сондай-ақ ТМД елдерінің өткеніне сын көзбен, ал болашағына болжау жасай отырып, мүмкін және ықтимал кемшіліктер мен қауіптерден арылуымызға болады.

Әлемдік тәжірибенің бұл тұрғыда берері көп болғанымен, сыртқы үлгілерді көз жұмып көшіріп алу сайып келгенде мемлекеттік ішкі айшықтарымызбен үйлеспей, ауыр зардаптарға ұрындырары сөзсіз. Сондықтан да, сыртқы әлемдегі үлгілер мен берілетін ақыл-кеңестерге құрметпен қарай отырып, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: “...ұлттық-мемлекеттік ерекшеліктерімізді, саяси тарихымызды, мәдениетімізді, посткеңестік стереотиптерімізді, этникалық дәстүрлер мен көптеген басқа да, қысқаша айтсам, өркениеттік-мәдени айшықтарымызды ескере отырып, стратегиялық дамуымызды өз күшімізбен анықтауға тиіспіз”, – деуі әбден түсінікті /1/.

Сәйкесінше, этносаясаттың концепциясын жасаудағы әлемдік тәжірибеге сүйену де Қазақстандық хал-ахуалға сай еленіп-екшелгені абзал.

Адамзаттың демократизациялану мен ықпалдасудың даңғыл жолына түскен қазіргі сәтінде мемлекеттік этносаясат мәселесі де әмбебап мәнге ие болып отыр. Бұл бұрын да өзекті мәселе болатын, жоғарыда қарастырғанымыздай, оның өзіндік алғышарттары болды. Өткен тарихқа және бүгінгі әлемдегі тәжірибеге зер салсақ, ұлт және этникааралық қатынастарды үйлестіре отырып, бір мемлекет құрамында ынтымақтастырудың түрлі тұжырымдары (концепциялары) жасалған. Зерттеуші К.Е. Көшербаев әлемдік тәжірибедегі мұндай тұжырымдарды төмендегідей жіктейді:

- Ұлттық-мәдени автономия;
- Азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігі;
- Ұлттық-территориялық автономия;
- Консоциналды демократия;

“Балқытатын” немесе “қайнаған қазан” тұжырымдары [2].

Бұл тұжырымдардың негізгі мән-мағыналары мынадай: ұлттық-мәдени автономия тұжырымы мемлекет халқының этномәдени ортақтығын құраушы этникалық азшылықтардың құқықтарын

қорғау мақсатында туындады. Яғни, ұлттық-мәдени автономияның территориялықтан тыс сипаты (экстерриториальный характер) ұлттық бірліктердің тіршілік ету кеңістігі шекарасын айқындаудағы қайшылықтан туындайтын этникааралық жанжалдардан аулақ болуына септігін тигізеді. Тұжырымның бұл тұсы құрамында этникалық топтар шашыраңқы (дисперсный) мекендейтін көпұлтты мемлекетке тән. Негізгі мәнісі – этникалық мәселені саяси сипатынан айыру, этникалық процесстерді басқарудың шектен тыс орталықтандырылған түрінен азаматтық қоғамға, өзін-өзі басқаруға өту.

Ұлттық-мәдени автономия мен азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігі тұжырымдары ұқсас, олардың ең басты айырмашылығы - өзектерінде жатқан идеологияларының жекелеген өзгешеліктерінде. Ұлттық-мәдени автономия идеологиясының негізінде біріншіден, ұлттық азшылықтардың құқығын қорғау қажеттігін мойындау; екіншіден, мемлекет саясатының мақсатында тек азшылықтардың топтық құқықтарын қамтамасыз етіп қоймай, олардың тілі мен мәдениетін қолдауды, мемлекеттік басқару органдары мен жүйелеріне олардың қамтылуы, салық төлеуді қамтамасыз ету болса, азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігінің идеологиясы біріншіден, этносаясатта мемлекеттің мәжбүр етушілігі мен салық салынуынан босату; екіншіден, этникалық ахуалды реттеуде топтық деңгейден индивидуалдық деңгейге өту. Бұл екі тұжырымның алғашқысындағы жекелеген принциптерді посттоталитарлы қоғамдарда басшылыққа алуға болады.

Кеңестік мемлекеттілік кезеңіндегі этно-территориялық автономия моделі өзіндік ерекшеліктерге ие болатын. Бастапқыда Кеңестер Одағы ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде “Кеңестер билігі Ресейді қоныстанушы барлық ұлттарға өзінің мемлекеттік құрылысын өзі анықтауға толық құқық қамтамасыз етеді”, – деген лениндік принципті ұстанды.

Кейбір зерттеушілер анықтағандай, “марксизмнің Ресейде тез таралуының сыры – ол өзін интернационалды қозғалыс дей тұра, іс жүзінде бағдарламасына этникалық ұлтшылдық доктринасын енгізуінде. Бұл доктринаның негізгі екі қағидасы көп этносты елде өзіне деген кереметтей тартылыс күшін туғызды. Біріншісі – өз территориясы, экономикалық байланыстардың ортақтығы, ортақ тіл мен айрықша әлеуметтік-психологиялық ділі (менталитеті) болуы сияқты міндетті түрдегі белгілердің жиынтығына ие этникалық топтарды мемлекет халқының (Кеңестік нацияның) негізі деп мойындау; екіншісі – ұлттың өмір сүруі мен дамуын “байырғы, негізгі ұлт өкілдері” ретінде “байырғы емес кіріккен” басқа ұлттармен қатар өз мемлекеттілігі аясында жүзеге асыруын мойындау” [3].

Өкінішке орай, жария етілген өз құқықтарын жүзеге асыруға ұмтылған түрлі ұлттардың элиталары большевиктер тарапынан қатты қарсылыққа ұшыраған болатын. Олардың қатарында Ә. Бөкейханов,

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин, М. Тынышбаев сынды Алаштың да көптеген асыл азаматтары болды. Зерттеуші М. Қойгелдиев дұрыс көрсеткендей, Ә. Бөкейханов сол кездің өзіндегі Қазақстанның көп ұлтты өлке болғандығын автономия құруда мықтап ескеретін және байыппен есептесуге тура келетін фактор екендігін жақсы түсінді. 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық съезде А. Байтұрсынов пен М. Дулатов “Автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру” идеясын ұсынса, Ә. Бөкейханов “демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы” болуын ұсынып, соңғы ұсыныс көпшілік қолдауына ие болған еді. Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдап алды. Сондықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Қазан төңкерісі қарсаңында большевиктер атынан “Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын” уағыздап келген Лениннің пролетариат диктатурасы орнаған соң бұрынғы айтқанынан бас тартып, оны “Еңбекшілердің өзін-өзі билеуі” ұранымен алмастырғаны, басқа сөзбен айтқанда ұлттық-мемлекеттік құрылыста таптық принципті бірінші кезекке қойғандығының көрінісі болды.

Осылайша Кеңес үкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтежесінде дүниеге келген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін іс жүзінде мойындамады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеті болған, 1917 жылы желтоқсанның 10-шы жұлдызында Қоқан қаласында өткен IV жалпымұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясын 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсап талқандады.

Одан кейінгі Кеңестік дәуірдің ұлт саясатын қысқаша былай бейнелеуге болады: Сталиннің ұлтқа берген анықтамасына сәйкес, барлық этностар “матрешка” тәріздес қатаң иерархиялық жүйемен жіктелді. Яғни, ірі ұлттар - Одақтас республикаларға, кішірек ұлттар – автономиялық республикаларға, ұсақ ұлттар – автономиялық округтер мен аймақтарға, ал ұлыстар мен жекелеген этникалық шағын топтар тіптен ескерусіз қалып, алдыңғыларға шашырай қосылды. Осылайша әлемде тұңғыш рет федерация ұлттық-территориялық принцип бойынша құралып, кейінірек бұл үлгі Қытайда, Чехословакия мен Югославия және т.б. елдерде қолданылды.

Федерацияның мұндай түрі күшті орталық билікке негізделген тоталитарлы және авторитарлы жүйелерде ғана өміршең екендігіне кешегі күйреген КСРО, ыдыраған Чехословакия мен Югославия дәлел. Мемлекеттің әлсіреуі ондай федерацияның құрамдас бөліктерінің жеке этнотерриторияларға жіктелуіне апарып соғады.

Сонымен қатар, Кеңестік жүйеге рухани тірек болған “кеңестік патриотизм”, “социалистік өмір салты”, “адамдардың жаңа қауымдастығы – кеңес халқы”, “кеңес халқының мызғымас достығы”, “КСРО – бейбітшілік тірегі” сияқты ұранды идеялар өзінің дәйексіздігін, ұлттық рухани даму мен өркениетке жаттығын көрсетті. Өйткені, олардың астарында ұлттар мен ұлыстардың дамуына тұсау болған, рухани дағдарысқа апарып соғушы идеялар мен тұжырымдар тұнып тұрды. Бұлар негізінен “пролетарлық национализм”, “социалистік интернационализм” идеялары, барлық ұлттар мен ұлыстардың жұмысшы табын біріктіру идеологиясының туына айналған “Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!” ұраны ұлттық табиғат пен ерекшеліктерді тіптен таптап, жаныштауға бағытталды.

Бірақ солай дей тұра, қазақ халқының 1917-ші жылдан бергі тарихын да жоққа шығаруға болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, өткен ғасырларда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, территориялық тұтастықтан айырылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болғанын ескермей кету әбестік болар еді.

Дау жоқ, бұрынғы Кеңес үкіметі мен Коммунистік партия ұстанған барлық идеялар мен тұжырымдарды лақтырып тастау мүмкін емес. Себебі: Кеңес үкіметі жағдайында полиэтникалық мемлекетке қатысты ұғымдар мен идеялар да күн тәртібіне қойылған. Мәселе олардың нақты өмірде ескерілмей қалуында. Олар мыналар: халықтардың ынтымағы, теңдігі, достығы, интернационалдық позиция, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, ұлттық тілдер теңдігі, ұлттық мәдениетті дамыту сияқты мәселелер қандай тарихи кезеңде де мәні мен мазмұнын жоғалтпайтын құндылықтар. Тәуелсіз Қазақстанның ұлт саясатында мұндай қағидалардың мән-мағынасы демократиялық үлгіде жаңарып, күн тәртібіне қойылуда. Сөз бен істің бірлігі ғана ұлт саясатын пәрменді етіп, ол ұлттық тұрақтылық пен түсінушілікке жеткізіп, одан халықтар достығы туындары анық.

Ұлт саясатына қатысты келесі тұжырым XX ғасырдың 60-70 жылдары Батыстық саяси ғылымда белең алған “көп ұлтты мемлекеттегі демократияның болу мүмкіндігі” туралы пікірталаста басқалардан оқ бойы озып шыққан Аренд Лейпхарттың (A. Lijphart) консоциалды демократия теориясы болды. Оның пікірінше, әлеуметтік келісім (консоциальный) демократиясының принциптерін қолдану этникааралық жанжалдарды реттеудің тиімді тетігі ретінде қызмет атқара алады. Консоциалды демократия мажоритарлы демократияда билікке араласуы қиын топтарға жеңілдік жасаудың арнайы процедурасын ұсынады. А. Лейпхарт бойынша олар төртеу:

- қоғамның негізі сегменттерінің мүддесін көздеуші партиялар қатысатын коалициялық үкімет;
- шешуші орындарға тағайындарда және ресурстарды бөлуде түрлі топтардың өкілдері теңдей ескерілуі;
- әр топтың ішкі мәселелерін шешуде барынша өзіндігі (максимальная автономность) болуы;
- маңызды шешімдер қабылдауда өзара тыйым (вето) құқығы мен кәсіптік көпшілік болуы [4].

Ол осы көрсетілген модельдер бір-бірінен анық, шегі ашылып бөлінген жағдайда, және оның әрқайсының саяси ұйымы болса ғана, іске жарамды деп есептейді. Алайда, консоциалды демократия теке-тіреске түсуші топтардың бәріне ортақ мықты бір құндылықтары болмаса, қарама-қайшылықтың терендеп, мемлекеттің талқандалуына әкелмек.

Сондай-ақ, әлемдік тәжірибеден ұлттаралық мәселелерді шешудің АҚШ-тық үлгісіндегі “балқытытын” немесе “қайнаған қазан” тұжырымы менмұндалап ерекше көзге түседі. Саяси өмірде “қайнаған қазан” ұғымы XIX ғасырдың орта шенінен бастап қолданыла бастады.

“Қайнаған қазан” тұжырымының мәні – эмигранттарды американдық өмір салтына сай бейімдеп, ассимиляциялау болды. Оның идеологиялық негізі – ұлтты азаматтық деп түсіну, немесе, ұлттар – отандастар (француздық моделге сай). Сәйкесінше, АҚШ-та этникалық топтарға арнайы территориялар бөлу мәселесі ешқашан көтерілген емес. Бірақ бұл тұжырымды сол күйінде Қазақстан қоғамына ендіруге жарамайды. АҚШ-қа қарағанда, Қазақстанның ұлттық құрамы тіптен өзгеше қалыптасқан. Оған алдыңғы тарауда тоқталып өттік. Сол үшін бізге басқа ұлттарды ассимиляциялау, қазақы өмір үрдісіне бейімдеу мақсат емес. Бірақ бұл тұжырымнан азаматтық қоғам принципін басшылыққа алуға әбден болады. Яғни, этностардың өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақстандық азаматтық қоғам құру.

Осылайша, ұлттаралық мәселелерді шешудің тұжырымдарына талдау жасай келе, олардың барлығының да жақсы жақтары мен кемшілікті тұстарының бар екенін байқаймыз. Соған сәйкес, стратегиялық шынайы, дұрыс этносаясат – ол ұлттық мәселені саяси мәнге айналдырмай, барлық этностардың ұлттық-мәдени өзіндігін сақтай отырып, ұлттарды отандастар деп түсіну болып табылады. Бұл тұрғыда жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың жекелеген принциптерін қазақстандық өмір шынайылығына сай бейімдеп қолданғанымыз абзал. Сондықтан да, өтпелі кезең жағдайында Қазақстан Республикасы ұлттық-ерекше мәселелерді шешуде басқа ұлттардың мүдделеріне қайшылық жасамайтын, елді мекендеуші барша халықтың мүдделерін ескеруші диалектикалы-прагматикалық бағытты таңдап отыр. Яғни, ұлттық азшылықтардың жалпыұлттық шешімдер қабылдаудағы рөлі мен олардың мүдделерінің мемлекеттік деңгейде өкілетті болуына мән

беріле бастады. Бұл ерекшелікті көпұлтты мемлекеттегі қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын нығайтудағы бастапқы принцип деп айтуымызға болады.

Қорыта айтқанда, демократизацияланудың ауыр да өтпелі кезеңінде халықтың басты қажеттілігі – ел ішінде тыныштық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісім болуы. Бұған “бірліктегі көптүрлілік” принципіне негізделген этносаясат арқылы жетуге болады. Сондықтан мемлекеттік этносаясат – полиэтникалық елде ешқашанда маңызын жоғалтпайтын құндылық. Ал қазақстандықтар үшін, қазақ этносы үшін бұл саясаттың маңызы тіптен жоғары. Себебі еліміздің геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық ахуалы ұлтшылдық және сепаратистік жанжалдарды көтере алмайды.

Егеменді ел болып қалыптасып жатқан Қазақстанды мекендеген түрлі диаспоралардың сан-алуан мүдделерін ескермей, оларды мемлекеттің этносаясаты төңірегіне топтастыру да мүмкін емес. Ұлттар мәдениетінің, өнерінің, тілінің, салт-дәстүрлерінің дамуын, ұлттық ұйымдар мен қозғалыстар сияқты ұлттық өмірдің дамуын айқындайтын маңызды процесстер заң жүзінде белгіленгенде ғана жалпыұлттық идея қалыптаспақ. Ұлттық өмірдің маңызды аспектілері заңды құжаттарда нақты көрініс тапса, азаматтардың ұлтаралық қатынас мәдениеті мен жалпыұлттық бірігуі де соғырлым жоғары болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы // Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы, 1996. – 103-133 б.

2 **Қушербаев, К. Е.** Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. – Алматы, 1996. – 584 с.

3 **Тишков, В. А.** Национальности и национализм в постсоветском пространстве (Исторический аспект) // Этничность и власть в полиэтничных государствах. – М. : Наука, 1994. – С. 15.

4 **Лейпхарт, А.** Демократия в многосоставных обществах. Сравнительное исследование / Пер. с англ. под. ред. А. М. Салмина, Г. В. Каменской. – М. : Аспект-Пресс, 1997. – 287 с.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
Материал 28.06.13 редакцияға түсті.

С. Мусатаев

Формирование этнополитики в мировой практике

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 28.06.2013.

S. Sh. Musataev

Formation of ethnopolitics in the global practice

al-Farabi Kazakh National university, Almaty.

Material received on 28.06.12.

В данной статье рассмотрены формирования этнополитики в мировой практике.

The paper deals with the ethnopolitics and their formation in the world practice.

ӘОЖ 316.346.32-053.6

Б. Е. Сағындықова

ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Берілген мақалада автор жастардың өмір сүру стратегиясының қалыптасуын қарастырған

Қазіргі заманғы күрделі қоғам, А. Туреннің айтуынша, өндірілмейді, әртүрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік қатынастары мен өзара әрекеті процесінде туындайды. Әлеуметтік маңыздылықты ұстанушылар «тарихилықты игеру процесінде яғни олар өздері бағдарланған инвестицияны, білімді, моральды игеру» процесінде анықталатын қоғамдық қозғалыстар болады [1,89б].

Әлеуметтік трансформациялар мұндай үстемдікті динамикалы және тұрақсыз етеді. Дәстүрлі үстемдік етуші құндылықтар өзінің рөлін жоғалтады және жастар өмірінде қалыптасқан жағдайға қатты тәуелді болады. Ресей қоғамында жастардың жағдайы айтарлықтай қарама-қайшы болғанға байланысты бұл толығымен байқала бастады. Бір жағынан бұл, қоғамның ең мобильді бөлігі, осы әлеуметтік топтың ішінде кәсіби деңгей мен қызметтік мансаптың көтерілуі едәуір жылдам темппен болып жатыр. Екінші жағынан, өтпелі кезеңнің қиындықтары жастардың жағдайына ерекше соққы берді: жастардың тек аз ғана бөлігі нарықтық жүйеде өз орындарын таба алды, ал қалған негізгі бөлігі өзгерген жағдайға әлі де бейімделе алмай келеді. Және осы бөлігінде әлеуметтік статустың төмендеуі байқалуда, білімге, мәдени құндылықтарға қолжетімділік мүмкіндіктері азайып, есесіне қылмыскерлік, девианттық іс-әрекеттер, жұмыссыздық кең етек жаюда.

Сондықтан, қазіргі қоғамның күрделі өзгерістерді бастан өткеріп жатқандығына байланысты, ол өзгерістердің бірі әлеуметтік дербестік болып табылады, оның жастардағы рухани-адамгершілік құндылықтың қалыптасуына тигізер ықпалын талдау қажеттілігі пайда болады [2,1766].

Әрбір жас ұрпақ бірнеше өзгермелі әлеуметтік жағдайда есейеді. Жастардың қоғамдық істердегі рөлі мен орны оның қабілеттілігі мен күшін жүзеге асыруда қандай мүмкіндіктер бар, қоғам оған не бере алады, және жастар өздерінің жеке мәселесін шешуге және қоғамның өміріне қатысады ма немесе қатысуға тырысады ма дегенмен анықталады. Қоғамдық өзгерістер тұтастай қоғамдағы және ондағы жекелеген топтардағы құндылықтық-нормативтік базаның өзгеруіне ықпал етеді [3,956].

Мұндай жағдайларда жастар екілік сынақты бастан кешіреді. Бір жағынан, жаңа жағдайларға оңай үйренісе отырып, жастар жылдам бейімделеді, оған әлеуметтену процессінде тамырын берік орната білген іс-әрекет формасын артта қалдырудың қажеті жоқ. Жастардың жұмыс жасауға, өмірлік белсенді стратегиясын жүзеге асыруға, табысқа қол жеткізуге, әлеуметтік баспалдақ бойынша алға жылжуға мүмкіндігі мол. Екінші жағынан, жастар макро әлеуметтік процестердің деструктивті ықпалына бейім, ірі қоғамдық трансформациялар нормативтік-құндылықтық салада жойқын күшке ие, шамамен барлық уақытта қайсыбір деграциациямен немесе қоғамдық санадағы әртүрлі бағытталған процесстермен беттесіп жүреді, ал бір жағынан жастар қауымдастығының субмәдениет феноменін қалыптастыра отырып, жаңа моральдық ұстанымдар қалыптастыруға қабілетті.

Қазіргі заманғы ғылыми теорияларда құндылықтардың негізгі үш түрін бөліп қарастырады:

- терминалды – бұл әмбебап құндылықтар (отбасы, адамгершілік, қарым-қатынас);
- инструменталды (аспаптық) – бұл практикалық сипатқа ие, **утилитарлы** құндылықтар.
- әлеуметтік-ынтымақтастық құндылықтар (заң және тәртіп, бостандық, тұрақтылық, жұмыс); олар жас және аға ұрпақты біріктіретін базалық құндылықтар ретінде сақталады.

Инструменталды құндылықтар дифференциялаушылардың рөлін белсенді атқаруда: аға ұрпақтың арасында патернализмді ұстанушылар көп, ал жастар болса, әсіресе студенттер, өздеріне жақын маңызды құндылық ретінде тәуелсіздік пен бастамашылдықты көреді.

У.Бек дербестіктің құндылықтар жүйесінде «өз-өзіне қатысты міндеттер» қағидасында қалыптасатын жаңа этикалардың басталуын атап көрсетеді. Бұл дәстүрлі этиканы қиындықтарға тап қылады, өйткені міндеттер әлеуметтік сипатқа ие, және әркімнің іс-әрекетін қоғамның өмірімен

түптетеді. Сондықтан, құндылықтар мен бағдарлар өзімшілдіктің белгісі ретінде жалған қабылданады, өйткені осы жерде пайда болатын жаңалықтың ядросы сезілмейді. Ол отбасында, еңбекте және саясатта жаңа әлеуметтік байланыстарды іздестіруден тұратын іс-әрекеттік, өмірлік маңызды процесс ретінде өзін-өзі босатуға бағытталған. [4,142-1436].

Құндылықтық бағдарлар жастардың әлеуметтік әлемінің жүйе түзуші элементін білдіреді. Қазақстандық және ТМД елдері кеңістігіндегі жастардың көпшілігінің құндылықтық бағдарындағы фундаменталды XX ғасырдың 90-шы жылдары болды. Қоғам және мемлекет жастарды қалыптасып келе жатқан жеке нарықтың ортасына еркін жүзуге «жіберіп қойды». Жаңа, алайда әзірше транзиттік елде жоқ құндылықтар жүйесінің негізгі қағидасы дербестікке шақыру қағидасы болды. Өзін көрсетуші либералды құндылықтарға жастар мойын бұра бастады.

Мемлекет тарапынан өздеріне деген назардың жоқтығын сезіну жастардың санасында саясатқа салғырттықты, қоғамдық енжарлықты қалыптастырды, жастардың күш – қуатын «өмір сүру үшін күреске» бағыттады. Өз кезегінде қазақстандық жастар дербестікті либералды саяси философияның құндылығы ретінде емес, өмір сүру үшін күрес ретінде қабылдады. Осы жерден жастар арасындағы құқықтық нигилизмнің дамуы, алға қойған мақсатқа жету үшін адамгершілік нормаларды бұзуға дайын болу, еңбек құндылығының, қоғам үшін маңызды деген мамандықтардың мәртебесінің, білім құндылығының бірден төмендеп кетуі келіп шықты.

90-шы жылдардағы дағдарыстық кезеңнен жастар өз массасында «әлеуметтік есейген» және едәуір прагматикалы болып шықты. Бұл жастардың құндылықтық бағдарының айтарлықтай динамикасында да көрініс тапты. Жастар үшін отбасы және білім құндылықтары, жалақысы жоғары жұмыс, кәсібилік, өз кәсібін ашу басымдық болды. Жастардың іс-әрекеті ниеттемесіндегі дербестік үрдістердің күшеюі жастардың либерализмнің құндылықтық жүйесін қабылдауының нәтижесі болып табылмайды. Эмоциялы түрде олар батыс демократиясының құндылықтарына бағыт ұстауды және бөлуді жалғастыруда. Алайда, жастардың дербестігі өзінің жеке мәселесін шешу мақсатында «өзіне жарна» ретінде болады. Ол ресми қабылданған либералды құндылықтарды тұлғаның іс-әрекеттік ұстанымдарына ауыстыру деңгейіне шықпайды, әлеуметтік-саяси жүйе елінде бекітілген азаматты қалыптастырмайды. Зерттеу үшін қағидалы негізделген тұжырым сол, ресейлік жастардың айтарлықтай бөлігі «әлеуметтік тұрғыда» жедел есеюде, алайда, өздерінің қоғамды елдің дамуы үшін айқын субъект ретінде ынтымақтасу мәселесінде, олардағы азаматтық қасиеттердің қалыптасуында артта қалып келе жатыр.

Қоғамдық құндылықтар құрылымында олардың өмір сүруінің үш формасын бөледі: 1) **қоғамдық идеалдар** - қоғамдық санада қалыптасқан

және онда қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы жетілу туралы жалпылама түсініктің болуы, 2) осы идеалдардың нақты адамдар әркетінде немесе өндірісінде **заттық толығысуы** 3) өзінің әрекетінде және қоғамдық құндылықтық идеалдар әрекетінде заттық толығысуға итермелейтін **тұлғаның ниеттемелік құрылымдары**. Осы үш форма бірінен біріне өтіп отырады. Бұл өтулерді қарапайым түрде былай көрсетуге болады: тұлға қоғамдық идеалдарды меңгереді және сол идеалдар «парыздық нормалар» ретінде тұлғаның белсенділігін оятады, осы процесс барысында осы нормалардың заттай толығысуы орын алады: құндылықтың заттық толығысуы өз кезегінде шексіз спираль бойынша қоғамдық идеалдардың қалыптасуы үшін негіз болады.

Индивид сезінген және тіпті мойындаған әлеуметтік құндылықтарды барлығы дерлік нақты ассимиляцияланып, оның тұлғалық құндылықтары бола бермейді. Құндылықтарды сезіну және оған оң қабақ таныту жеткіліксіз; онымен қоса, олар бәлкім, тіпті қажетті де емес болар. Бұл трансформацияның қажетті жағдайлары – субъектінің өзіне сай деген құндылықтарды жүзеге асыруға бағытталған ұжымдық іс-әрекетке қосылуы. Осылайша, жеке тұлғалық құндылықтар әртүрлі масштабтағы әлеуметтік топтар мен қауымдастардың құндылықтарының генетикалық туындысы болып табылады. Индивидтің әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі, бойына сіңіруі, тасымалдауы оның әлеуметтік етенелестігі және ол үшін референтті болып саналатын кіші контактілік топтар арқылы жүреді. Референттік топтар үлкен әлеуметтік топтардың құндылықтарын, соның ішінде жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерудегі катализатор да және де барьер де бола алады. Жеке тұлғалық құндылықтар тұлғаның құрылымында орныққан әлеуметтік реттеудің ішкі алып жүрушілері болады. Құндылықтар тәжірибенің арқасында сананың фактісі болады. Тәжірибенің табиғаты әлеуметтік және біремізгілде дербес болғандықтан, құндылықтар да екі жақты сипатқа ие. Ю.А.Шерковиннің пікірі бойынша, әлеуметтік құндылықтар екі мәнге ие. Біріншіден, олар индивидке белгілі-бір көзқараста болуға, пікірін білдіруге, баға беруге көмек беретін ұстанымдарды адамдар санасында қалыптастырудың және сақтаудың негізі болып табылады. Осылайша, олар сананың бір бөлшегіне айналады. Екіншіден, құндылықтар өзгерген түрінде іс-қимыл мен мінездің ниеттемесі ретінде болады, өйткені адамның әлемдегі бағдарлануы және белгілі-бір мақсатқа қол жеткізуге ұмтылуы жеке тұлғалық құрылымға кірген құндылықтарға сәйкестіріледі [5,135-1456].

Қазіргі уақыттағы студент жастардың бағдарлануын зерттеу бойынша ғылыми мақалаларға талдау жасау көрсеткендей, қазіргі заманғы ЖОО студенттерінің құндылықтық бағдарының негізгі мазмұны мынаған негізделген:

- өмірлік жоғарғы құндылықтар ретінде өмір мен денсаулықты сақтауға (қылмыскерліктің, терроризмнің, нашақорлықтың, экологиялық орталықтың ластануының, кедейленудің, және өлім-жітімнің артуы жағдайында бұл құндылықтар үстемдік ете бастады);

- рухани-адамгершілік идеалдардың бірінші дәрежелігінде - бақыт, махаббат, жақсы отбасы, балалардың болашағы, достық (өмір сүру ортаның тұрақсыздығы мен күйзелістігі жағдайында түсіністік, қолдау, сенімді өмірлік серік, отбасылық бақытты сезіну, үйдегі ыңғайлылық, жақсы да сенімді достар, қарым-қатынас, ортақ қызығушылықтар қажетті бола бастады);

- білімділікке, жақсы жұмысқа, және жоғары материалдық жағдайға (осы құндылықтардың маңыздылығы инфляция, медицинаның, білімнің және мәдениеттің коммерциялануы, жұмыссыздықтың өсуі және бәсекелестіктің артуы жағдайында артты);

- өзіне деген сенімділіктен, алдын-ала білушіліктен, дербестіктен, рационализмнен, өнімділіктен, қажырлылықтан, қатаң еріктен, жауапкершіліктен, өзін-өзі жетілдіруден, өзіне өзі бақылау жасаудан құрылатын жеке бәсекеге қабілеттілікке, мансапқа, жетістікке, мәртебеге (әлеуметтік реформалар, жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, бәсекелестікке және кәсібилікке қойылатын талаптың күшеюі жағдайында);

- креативтілікке, өз қабілетінің дамуына, рухани тәуелсіздік пен өзін-өзі сыйлауды сақтауға (авторитаризм идеяларының өміршеңдігі және іс-әрекет стандарттарының көнеруі жағдайында, сондай-ақ стандартты емес шешімдер қабылдау, оригиналды жобалар жасау, сыни ойлай білу, өзінің көзқарасында қалу қабілеттілігінің қажеттілігі бар);

- белсенді әлеуметтік байланыстарда және әлеуметтік құзырлылықтарда, яғни, әлеуметтік өзара қарым-қатынастың әртүрлі саласында ыңғайлы қатынастар орнатуға, өзінің тұлғааралық байланыстарын кеңейтуге, қарым-қатынастың кең аясына, өзінің әлеуметтік рөлін жүзеге асыруға (мобильділікті, командада жұмыс жасай білуді, әлеуметтік ортада өз орнын көре білуді, мансаптың өсудің мүмкін болатын болашағын қажет ететін динамикалық өзгерістер жағдайында) [6].

Қазақстандық психолог Н.С.Шадриннің айтуына қарағанда, құндылықтарды жіктеуде «құндылықтық жүйелердің қалыптасуының географиялық және геосаяси факторлары ескерілуі керек, ол оларды талдаудың кеңістіктік парадигмасынан келіп шығады. Бұл жерде жергілікті даму ұғымына қатысы бар еуразиялық ғалымдардың идеясы пайдаланылуы мүмкін, ол идеяға сәйкес, даму процесстерінде уақыттық ғана емес, кеңістіктік фактор да үлкен мәнге ие. Осы көзқарас бойынша өркениеттік, аумақтық және т. б. құндылықтық жүйелер туралы айтуға болады» [7,196]. Оның пікірі бойынша, «индивидтердің іс-әрекетін реттеудің рухани-құндылықтық деңгейінде еуразиялық өркениет ерекше артықшылықтарға ие».

Жастардың қоғамға бейімделуі және ынтымақтасуы тетігі ретінде жалпы және саяси әлеуметтену болады. Саяси әлеуметтену барысында саяси құндылықтар жүйесі мен жүйелер мақсатының өндірісі процесі болады. (саясатта ұрпақтар сабақтастығын сақтау). Бұл процесте саяси жүйенің талаптары тұлғаның құрылымдарына өтеді – оның саяси санасы, саяси іс-әрекет ниеттемесі қалыптасады, азаматтың қалыптасуы қалыптасқан саяси мәдениеттің белгілі-бір түріне бағдарлануымен болады. Бұл процесс мәселелердің шешілуін мемлекеттік жастар саясаты саласына шығарады.

Жастардың әрбір жаңа ұрпағы бірнеше өзгермелі әлеуметтік жағдайда өсейді. Қоғамдық істердегі жастардың рөлі мен орны қоғамның оларға өз мүмкіндігі мен қабілеттерін, қуат - күшін жүзеге асыруда не ұсына алатындығымен, және жастардың өз мәселесін шешуге және қоғам өміріне қаншалықты қатысағандығымен немесе қатысуға талпынуымен анықталады. XX ғасырдың 90-шы жылдардың аяғында жастардың әлеуметтік көзқарасы мен қоғамдағы алар орны мәселелерін маңыздыландыруда белгілі-бір үрдіс байқалады. Сонымен, И.Б.Ильинский жастардың қоғам алдындағы және қоғамның жастар алдындағы өзара парыздылығы туралы айтады [8,8-126]. Алайда, уақыт өте келе, парыздылық көзқарасы қазіргі жастардың әлеуметтік субъективтілігінің көріну формасына объективті талдау жасауға талпынумен ысырылып шығады. Жастардың әлеуметтік апатиясы мен саяси жаттануын жою мәдени дәстүрдің маңызды элементінің реанимациясын қарастырады - мемлекет пен жастар ұйымдарының тығыз қарым-қатынасы. Жастардың өмірлік стратегиялары әртүрлі деңгейдегі факторлардың ықпалымен қалыптасады. Жастардың өмірлік стратегияларының қалыптасуы макродеңгейде постмодерн құндылықтарының ықпалымен жүзеге асады, олар заманауи қоғамның жүйелік қасиеті ретінде тәуекел тудыратын қоғамдық өмірдің деинституциялануы салдарынын бекітіледі. Бұл жағдайда жастардың ойында олардың болашағының сипаты туралы нақты түсінік жоқ болады. Социеталды, институтционалды нормалар және реттеушілер қаншалықты әлсіз болса, өмірдің сан алуан стратегияларының қалыптасуы мен жүзеге асуына ықпал ететін әртүрлі өмірлік стильдер дәстүрлі рөлдік және жоралғылық модельдердің орнын соншалықты жылдам басады. Стильдеуге ұмтылу микродеңгейде жастардың өмірлік стратегиясының мазмұндық толығысуына тәуелді болады. Жастардың өмірлік стратегиясы аумақтық социомәдени ортамен беріледі. Аумақтың территориялық-өндірістік және социомәдени мүмкіндіктері жастардың мәдениетке жұмылу, білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Өмірлік стратегиялардың қалыптасуындағы бірінші элементтер ретінде қажеттіліктер қарастырылды, өйткені ол адам белсенділігінің оятушы күші рөлін атқарады. Қажеттіліктердің жиынтығы мен құрылымы

индивидтің әлеуметтік және еңбектік белсенділігін анықтайды, ал, бірінші кезектегі қажеттіліктердің созылмалы түрде қанағаттандырылмауы өмірлік стратегияның қалыптасу процесін өмір сүру міндеттеріне әкеліп саяды. Адамның қажеттіліктері өмірлік стратегиялардың қалыптасуының келесі элементі болып табылатын дербестелген өзіне тән кешен мен профильді, бауыр басушылықты құратын болғандықтан тұлғаның іс-әрекетте, атап айтар болсақ осы бауыр басушылыққа жауап беретін әрекеттерді орындауға итермелейді. Бауыр басушылықтың маңызды сапалық сипаттамасы қоршаған ортаға және өзіне атаулылық және бағыттылық болып табылады. Бауыр басушылық социомәдени кеңістіктегі болып жатқан өзгерістердің жеке тұлғалық индикаторы болып табылады. Бауыр басушылық заттық жақтан ғана тұрмайды, тұлғаның шындықпен байланысының құндылықтық ерекшелігінен де тұрады, олар өзін өзі көрсетудің аспектісі. Адамның өмірлік стратегиясының қалыптасуы, сондай-ақ, құндылықтық жүйенің негізінде жүзеге асады. Құндылық әлеуметтік бағдар ретінде болады, идеалдармен және нормалармен ұқсастырылады, нақты индивидтік етенелестік анықтайды. Әрбір адамға құндылықтардың дербес иерархиясы тән. Қоғамның тұлғаға ықпалын және тұлғаның құндылықтар жүйесінің қалыптасуын қарастыра отырып, ғалымдар терминалды және инструменталды құндылықтарды бөлді.

Адамгершілік релятивизм жастар арасындағы жаппай мәдениеттің кеңінен таралуымен да ынталандырылады. Жаппай мәдениеттің үлгілері өзімен бірге аморализмнің, қатаңдықтың, күштеушіліктің ауқымдық мүмкіндіктерін алып жүріп қана қоймай, рухани мызығушылықтан айрылған «бірөлшемдік тұлғаның» жалпыға ортақ үлгісі ретінде айтарлықтай ашық түрде насихаттайды. Ақпараттық ағымдардың күшеюі және ақпарат беру жылдамдығының артуы БАҚ-ты идеологиялық қызметтер субъектілері арасындағы алдыңғы орындардың біріне қояды. БАҚ арқылы таралатын әртүрлі оқиғалар туралы маңызды ақпарат адам санасының қалыптасуын басқаратын қуатты, күшті факторға айналады, құндылықтарға және болып жатқандарды бағалауға әсер ететін олардың іс-әрекетіндегі өзгерістердің оятушы күші болып табылады. Жастардың мәдени тәжірибені белсенді түрде іздестіруі және қайта өңдеуі жастардың БАҚ өнімдерін белсенді пайдаланушы адамдарға айналдыра отырып, жастардың ақпараттық кеңістікке белсенді қосылғандығын қалыптастырады. Бір жағынан, бұл БАҚ-тағы жастардың кеңістігі мен экспансиясының кеңеюіне негіз болады. Рухани құндылықтар негізінде дұрыс тәрбиелеу, білім деңгейін арттыру – БАҚ-тың деструктивтік ықпалына қарсы тұруға арналған өмірлік қажеттілік. Өйткені БАҚ қазіргі таңда дүниетанымның қалыптасуының маңызды субъектісі. Мемлекеттің идеологиялық қызметін БАҚ арқылы көрсетудің жетістігі идеологиялық қызметтер мазмұнының қоғамның өмірлік тәжірибесіне қаншылықты дәл және жақын сәйкес келетіндігіне байланысты болады.

Жас ұрпақ жаңа дүниетанымның құқықтық жаршысы болу керек. Білім беру тұлғаны тәрбиелеуді өзіне білім беру процессінің ажырамас бөлігі ретінде қосу керек. Жылдам өзгеріп отырған әлемдегі ғаламдық процесстерді түсінудің қажеттілігі фундаментальды ғылымдарға, қоғамды ізгілендеруге назар аударуға мәжбүрлейді, бұл Адам және маманды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Константиновский, К. Д.** Молодежь 90-х: самоопределение в новой реальности. – М., 2000. – С. 89.

2 Моральные ценности и личность / Анисимов С. Ф., Смоленцев Ю. М., Разин А. В. и др.; Под ред. Титаренко А.И., Николаичева Б.О. – М. : Изд-во Моск. университета, 1994. – 176 с.

3 Ценностное сознание личности в период преобразования общества / РАН. Ин-т психологии; Под ред. Дорофеева Е. Д., Седова Л. А. – М. : 1997. – 95 с.

4 **Бек, У.** Общество риска. На пути к другому модерну. – М. : Прогресс-традиция, 2000. - С. 142-143.

5 **Шерковин, Ю. А.** Проблема ценностных ориентаций и массовые информационные процессы // Психологический журнал. 1982. Т. 3. № 5. – С. 135-145.

6 **Яруллина, Л. Р.** Ценностные ориентации студентов негосударственных высших учебных заведений <http://www.tisbi.ru/aboutus/news/2003/PsihJar.htm>.

7 **Шадрин, Н. С.** Социогенез и психологические механизмы ценностной регуляции деятельности. Автореф. дис. д. псих. н., Алматы, 2008. – с.19.

8 **Ильинский, И. М., Бабочкин, П. И.** Основы концепции воспитания жизнеспособных поколений // Молодежь России: воспитание жизнеспособных поколений: Доклад Комитета РФ по делам молодежи. М., 1995. – С. 8-12.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты.
Материал 28.02.13 редакцияға түсті.

Б. Е. Сагындықова

Формирование жизненной стратегии молодежи

Южно Казахстанский государственный педагогический институт.
Материал поступил в редакцию 28.02.13.

B. E. Sagindykova

Formation of life strategy of the youth

South Kazakhstan state pedagogical institute.
Material received on 28.02.13.

Статья рассматривает основное содержание и значение ценностных ориентаций казахстанской молодежи в социокультурных процессах современного общества.

This article shows the basic content and meaning of value orientation of Kazakhstan teenagers the in socialcultural process of modern society.

УДК 316.42

А. А. БЕЙСЕНОВА**СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО КАК ИНСТИТУТ
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

Автор в статье рассматривает социальное партнерство как институт и основу формирования гражданского общества.

В условиях развития рыночных отношений, дифференциации трудовой деятельности все больше возникает необходимость регулирования интересов участвующих сторон, каждая из которых имеет свои интересы и потребности. В связи с чем возрастает роль институтов гражданского общества, а именно институтов социального партнерства, направленных на создание благоприятных условий для удовлетворения социально-экономических, политических потребностей. Целью создания институтов социального партнерства, является обеспечение соблюдения прав всех участников социально-трудового процесса. По мнению исследователей, развитие социального партнерства является одним из показателей демократизации общества, направленное на обеспечение равноправного сотрудничества работников, работодателей и государства. Именно система социального партнерства, социального диалога позволяет разрешать противоречия, возникающие между участниками трудового процесса, и обеспечивает социальную стабильность в обществе в целом. Необходимо заметить, что система социального партнерства может эффективно функционировать только в обществе, где доминируют демократические принципы, где интересы каждого учитываются и положение одной из сторон не является более привилегированным по отношению к другой.

Идеи социального диалога, партнерства рассматриваются исследователями разных областей знания, в том числе экономисты, акцентирующие внимание на взаимодействии работодателей и наемных работников, политологи, юристы, исследующие вопросы взаимодействия политических, правовых институтов с общественной сферой жизни, социологи, определяющие социальные условия развития социального партнерства для обеспечения устойчивости социальной системы.

Теоретический анализ социально-трудовых отношений встречается в работах Ф. Бекона, Т. Гоббса, Ж-Ж. Руссо, которые отмечают необходимость

введения общественного договора, который будет регулировать интересы и обеспечивать безопасность частной собственности. Одним из первых кто акцентировал внимание на проблеме регулирования отношений между наемным работником и работодателем был А. Смит, который признавал необходимость конкуренции, соперничества для дальнейшего развития общества. Г. Лейбниц, И. Кант доказывали, что состояние стабильности в отношениях между людьми достигается за счет договора и соглашения. Концепции социальной солидарности Э. Дюркгейма, социального действия и бюрократии М. Вебера, классовой борьбы К. Маркса рассматривают проблемы, развития механизмов регуляции отношений между социальными группами, обеспечение легитимности власти в разрешении противоречий между сторонами и достижении консенсуса между ними.

Современные теоретики концепции постиндустриального общества Д. Белл, О. Тоффлер, А. Турен также вносят свой вклад в развитие теории социального партнерства. По мнению Д. Белла в обществе формируется «...интеллектуальный класс, представители которого на политическом уровне выступают в качестве консультантов, экспертов или технократов». [1;10] Представить современное общество без социальных конфликтов, противостояний невозможно и само общество должно прийти к осознанию необходимости их разрешения с минимальными потерями. Так, известный социолог А. Турен постиндустриальное общество определяет следующим образом «...это классовое общество с глубокими социальными конфликтами, проявляющимися в борьбе между господствующим классом, технократией и профессионалами». [2; 39]

Как не раз отмечали исследователи, социальное партнерство развивается в условиях открытости, доступности политических институтов, целью которых является не только обеспечение социального порядка и контроля, но и защита интересов социальных групп. Для обеспечения последнего необходимо формирование институтов гражданского общества. Гражданское общество способно регулировать отношения между политической системой и общественными отношениями и стать сдерживающим фактором в деле разрешения противоречий. Гражданское общество предполагает «общество с развитыми экономическими, культурными, правовыми и политическими отношениями между его членами, независимое от государства, но взаимодействующее с ним, общество граждан высокого социального, экономического, политического, культурного и морального статуса, создающих с государством развитые правовые отношения». [3; 75] Современные социологические теории определяют гражданское общество, как сферу общественной жизни, ролью которого является осуществление коммуникации между государством и человеком, по мнению Э. Гидденса, это форма «интерсубъективного дискурса» или «коммуникативной

рациональности” (Ю. Хабермас). Данный тип общества основывается на правовом решении споров, высокий уровень культуры в целом, независимости от государственных институтов, но в, то, же время взаимодействие с органами власти. В современной реальности мы можем говорить о становлении гражданского общества, но это означает не только возникновение атрибутов, законов, организаций, но и изменение общественного сознания, где происходит генерализация ценностных ориентиров, нормативных ожиданий; стилей жизни, коллективных представлений или, по мнению П. Бурдье «габитуса» социального пространства.

В культуре, менталитете широких кругов населения должны сформироваться установки партнерских отношений, сотрудничества, солидарности. Ни принятие законов, создание условий для развития предпринимательства не могут обеспечить формирование культуры социального партнерства. Система ценностей, культурные предпочтения могут стать той основой, которая необходима для институционализации социального партнерства.

Система социального партнерства развивается с учетом международных правовых основ, сформулированных в документах Международной Организации Труда (МОТ), законодательных и нормативных актов. Международные правовые принципы социального партнерства закреплены в соответствующих конвенциях и рекомендациях МОТ. Среди них наиболее значимыми являются принципы: «трипартизма», многоуровневого сотрудничества, свободы ассоциации, добровольности и равноправия, обязательности исполнения условий договоров и соглашений, примирительно-третейского и арбитражного разбирательства социально-трудовых конфликтов.

В 1976 г. была принята концепция МОТ № 144 «О трехсторонних консультациях для содействия применению международных трудовых норм», согласно которой государство должно принять на себя роль социального партнера при подписании общенациональных соглашений по вопросам оплаты и условий труда, занятости населения, его социальной защиты либо регулярно проводить консультации с союзами работников и работодателей по данным вопросам. Для достижения указанных целей стали создаваться трехсторонние комиссии, которые выполняли и выполняют консультационные функции.

Социальное партнерство в Казахстане направлено на решение таких задач, как создание эффективного механизма регулирования социальных, трудовых, экономических отношений; обеспечение социальной стабильности и общественного согласия на основе объективного учета интересов всех слоев общества; обеспечение социальных гарантий, прав работников в сфере труда, осуществление их социальной защиты; содействие процессу консультаций и переговоров между сторонами социального партнерства

на всех уровнях; содействие разрешению коллективных трудовых споров; выработка предложений по реализации государственной политики в области социально-трудовых отношений.

Основными принципами социального партнерства являются: полномочность представителей сторон; равноправие сторон; свобода выбора обсуждаемых вопросов; добровольность принятия обязательств; уважение интересов сторон; обязательность выполнения коллективных договоров, соглашений; ответственность сторон, их представителей за невыполнение по их вине принятых обязательств по соглашению; содействие государства в укреплении и развитии социального партнерства; гласность принимаемых решений.

Каждый субъект социального партнерства представляет интересы своей стороны, которое проявляется в корпоративизме, что в свою очередь приводит к усугублению противостояния с остальными сторонами системы. И если система социального партнерства сумеет решить проблемы участников социального партнерства, то можно говорить о ее эффективности, но если же противостояние сторон обостряется, говорить о совершенстве данной системы не приходится.

жүзеге асыруға үлес қосары сөзсіз. Қазақстанның тәуелсіз Республика болып жариялануы, халыққа білім беру саласындағы оң өзгерістер, әсіресе мектептің оқу жоспарына Қазақстан тарихының дербес оқу пәні ретінде ендірілуі, оның жаңа бағдарламалары мен оқулықтарының көп таралыммен, әрі бірнеше рет басылып шығуы мектептердегі тарихи өлкетану жұмысын дамытуда. Халқымыздың көптеген біртуар азаматтарының тарихтан өздерінің лайықты орындарын алуы, олар туралы көптеген монографиялық, ғылыми-көпшілік, көркем-әдеби еңбектердің жарыққа шығуы мектептерде тарих пәнінің оқытылуын, тарихи-өлкетану жұмыстарын жақсарта түсуде. Қазіргі таңдағы заманауи ғылыми-жаңашылдықтың даму барысында Тарихшы-мамандарды патриоттық рухта тәрбиелеп, білімді де білікті маман ретінде дайындауда «Қоғамдық-тарихи пәндер» кафедрасы мұражай өтілетін іс-шараларға белсенді қатысып, өздерінің танымдық шығармашылық білімдерін оқу мен тәрбиелік іс шаралармен ұштастырып келеді. Мұражайдағы кітапханада студенттер өздеріне қажетті мағлұматтарды, дерек көздерінмен танысып, тарихты жан-жақты оқып үйренуде маңызы зор. Мұражай мен кафедралық Тарих мамандығы бойынша 3 -курс студенттері «Мұражай түні», «Киім-дәуір айнасы», «Мұражайдағы театр күні» т.б. шараларды өткізуде кейіпкерлер бейнесін еніп, өздерінің шығармашылықтарын дамыта білді. Мұндай шаралар арқылы жастардың патриоттық сезімін оятып, тарихи ескерткіштерге, салт-дәстүрге, еліне, жеріне, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыра түседі. Сонымен қатар өлкетану тарихын зерттеу барысында мұражаймен бірлесіп студенттеріміз археологиялық тәжірибеден өтуде мұражаймен бірігіп, экспедицияға шығады. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, мұндай біріккен істер болашақта тарихшы –мамандарды дайындауда сүбелі үлес қосары анық. Студенттеріміз сонымен қатар іс-тәжірибеден басқа дипломдық, курстық жұмыстарды жазу барысында мұражай мұрағатындағы материалдарды пайдаланады. Мұражайды рухани, мәдени орталыққа айналдыра отырып, мұндағы атқарылып жатқан шаралардың негізінде студенттердің патриоттық рухын ояту, тарихи жәдігерлерді сақтау, құрметтеуін қалыптастыру бағытында Г. Н. Потанин атындағы мұражай өңір тарихын зерттеуде айрықша қызмет етіп келеді.

Жастардың тәрбие мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті болып келген. Адамзат жаһандану мен ақпарат дәуіріне, әлем шексіз шындыққа, ал өнер - адам өмірін әлеуметтік және өзіндік мағына мен қуанышқа толтыруға бағытталған шаққа аяқ басты.

Таным мен шығармашылық бүгінгі білім берудің қайнары. Оның табысы жеке басының өсу дәрежесіне байланысты – азаматтық сәйкестендіру, құқықтық сауаттандыру, жан-жақты және көшбасшылық қасиеттерді дамыту, мамандық пен өнерде өзін-өзі табу. Ең бастысы бұл кәсіби білім беру, студенттерді дамыту мен тәрбиелеуге қатысты. Студенттік жастар

өз заманының ең дамыған бөлігі ретінде ертең-ақ қоғамның алға басушы күші болады, олардың ішінен саяси зиялылар қалыптасады, еліміздің және әлемнің келешегі соларға байланысты. Біздің басты мақсатымыз – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жұмыс істей алатын мамандарды тәрбиелеуге және олардың әлеуметтік механизмдерін байқай отырып, жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысының қалыптасу мен даму заңдылықтарын айқын жүргізуді қажет етеді. Қазіргі уақыт студенттердің әлеуметтендірілуін, жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысының қалыптасуы мен даму заңдылықтарын айқын жүргізуді қажет етеді. Мамандық адамды тәрбиелейді. Кәсібилік және әлеуметтілік бірлігі қағидасы студенттердің кәсіби өсу жолымен қатар үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуды қарастыратын даму аспектілерін табуға негізделген. Қазіргі кәсіби маман өзін-өзі тәрбиелеп, оқыған кәсіби тәжірибесін бағалап жүзеге асыра білу керек. Біз кәсібилікті жеке бастың қажеттіліктерімен байланыстыра отырып, ол арнайы жасалатын жағдайларда жүзеге асады деген ойға келеміз. Таңдап алынған мамандыққа қызығушылық, онымен айналысу, оған берілу, бір бағытта жұмыс істейтін адамдармен қоғамдық пайдалы жұмыс, барлық істе көшбасшы болу осының барлығы студенттің әлеуметтену кезеңі. Тұлғаның кәсіби бағытталуы таным, қызығушылық, өзін-өзі жүзеге асыруы, пайдалылық және көшбасшылығы мотивтерінің иерархиясы сияқты көрінеді. Оның маңызды көрсеткіші- новаторлық ұстаным - әлеуметтік табиғаты бар шындыққа деген шығармашылық көзқарас болып табылады. Студенттің кәсіби деңгейін арнайы ұйымдастырылған шығармашылық жұмыстың үстінде талқылаған дұрыс. Кәсіби құндылықтарға негізделетін тәрбие процесі кәсіби бағытпен ынтымақтастық, ұжымдық, қызығушылық, әлеуметтік маңызды жұмыстармен, қарым-қатынастармен біріктірілген ерекше, әр түрлі жастағы қоғам қалыптасады.

Азаматтық ұстанымның, патриоттық сезімнің және саяси мәдениеттің қалыптасу басымдықтары, ұлттық көзқарасты дамыту, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің, толеранттылықтың, студенттерді тәрбиелеудегі маңызды құрам бөлігін анықтайды. Азаматтылық – тұлғаның қоғам және мемлекет алдында қарыздығын сезіп және орындауда сана-сезімі жетіліп, патриоттық іргелі қасиеті дамиды. Адамның еліне деген баға жетпес махаббаты негізінде оның ойлары мен бағамы ғана емес, сонымен қатар тағдыры және өмірінің мағынасы анықталады. Тәрбиенің негізгі көзін адам мәдени-тарихи және жанұялық қалыптасқан дәстүрден алады. Адамзаттың бар мәдени мұрасы – шығармашылық еңбегінің ескерткіші. Шығармашылық қоғамдық өмір, қоғамдық сана өзгерген жағдайда негізгі мағынаға ие болады, адам шығармашылық жұмыспен айналысқан кезде ғана басында тың ойлар, жаңа идеялар, түрлі стереотиптер, жаңа өмірге деген көзқарас пайда болады. Мәдениетті шығармашылықпен меңгеру жеке қолданбалы қабілеттерді

дамытуға сыймайтындығын, ал барлық адамзатты өзгертетін шығармашылыққа деген сұранысын мақсатты түрде қалыптастыруға байланысты күрделі үрдіс екендігін түсіну маңызды. Мұндай жастарды тәрбиелеуде мұражайдың орны ерекше. Дамыған, өркениетті елдерде мұражайға, мәдениетке деген құрмет ерекше. Сондықтан біз қазақ мәдениетін әлемге таныту үшін, алдымен, өз елімізде мәдениетке, рухани құндылықтарға деген құрмет пен білімді жоғарылатып, ғылыми негіздерге сүйеніп, жіті зерттегеніміз жөн. Барымызды бағалай білсек, бізде басқаға танытарлық байлығымыз жетерлік. Заман талабына сай мамандарды дайындау барысында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттен алыстап кетпеу негізгі міндет.

Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ.
Материал 28.06.13 редакцияға түсті

A. A. Zhakishева

Роль музеев в обновлении воспитания национальной культуры

Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 28.06.13

A. A. Zhakishева

The significance of a museum in reconstruction of the national cultural upbringing

Innovative Eurasian university, Pavlodar.
Material received on 28.06.13.

В статье рассматривается роль музеев в обновлении воспитания национальной культуры.

In the article the significance of a museum in reconstruction of the national cultural upbringing is described.

СЕКЦИЯ «ФИЛОСОФИЯ»

ӘОЖ 1 (091)

Д. Д. Амангельдинова, Л. Н. Бегимова

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Біз осы мақалада Шәкәрімнің философиялық көзқарастары дүниетанымына бойлау және оларды саралау мәселесін алға қойып отырмыз.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі - қазақ халқында өзіне лайықты бай рухани мұрасы бар. Соның негізін философиялық ой - тұжырымдар құрады. Дүниеге шынайы көзқарас, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді өздері өмір сүрген қоғамдық ортаға лайықты қалыптастырды. Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, билер мен серілер өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын әр түрлі деңгейде тұжырымдап көрсете білді. Осының барлығы қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінің негізін қалайды. Қазақ философиялық ойының тарихы - халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда халықтық таным процесі және ұлттық ойлау жүйесі көрініс тапқан. XX ғасырдың басында қазақ халқының философиялық - қоғамдық ой - пікірлерін зерттеу мәселесі қолға алынып, көптеген сынаржақ көзқарастарға басым болды. Ол кезде қоғамдық ойдың қалыптасуын таптық тұрғыдан қарастырды. Бұл бағыт, әрине, ғылымның объективті дамуына кері әсерін тигізді. Барлық даналықты батыс ойшылдарынан, басқадан іздеген кезде ұлттық философиялық ой - пікірлердің тарихына көз жіберуге үстемдік еткен тоталитарлық жүйе мүмкіндік бермеді [2-1476.]. Шәкәрімнің дүниеге, өмірге, табиғатқа, сан - сала құбылыс көріністерге, дінге көзқарастарында кейбір қайшылықтар кездескенімен, ол ешқашан дінге берілген фанатик немесе барлығын жоққа шығаратын пессимист болған емес. Шәкәрім, көбінесе, рационализмге, деизмге бейім болды. Бұл философиялық бағыт бойынша дүниені жаратушы бір күш бар дегенді мойындау, оның дәлелі табиғаттың жарасымдылығы, қозғалысы, өмірде ақиқат, шындық, білім, ғылым, ақыл мен сезім дамуы арқылы іске асатынын, адамның болмысты танып білуі, адам өзін - өзі жетілдіру арқылы жүзеге асатынын түсінуге болады. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты [4-2656.].

Шәкәрімнің философиялық көзқарасы - ұлттық философияның қалыптасуына зор ықпалын тигізген құбылыс. «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» аталатын еңбектерін, поэзиясын гуманистік және адамгершілік мұраттарды, демократиялық ағартушылық идеяларды уағыздаған мұра деп бағалау керек [6-98б.]. Шәкәрімнің философиялық ойларында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл - ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым - білім, өнерге баулуды мұрат тұтты. Ұлы ойшыл, гуманистік қайшылыққа толы қоғамда өмір сүрді. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл – күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдыққа қарағанда ойшылдық басым, философиялық сарын күшті [1-54б.]. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фәлсафашылдығының сыры не десек, бұл алдымен, әрине, оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар, ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы - жырауларымен қатар, арғы - бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және Батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген. Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану, салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиған, жан - жақты энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған [5-28б.].

Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі, ұлы гуманист, кемеңгер, ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі. Ол Абай дәуірінен бастау алатын ХХ ғасырдың басында кең арнаға түсіп, дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын ту қылып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі [4-56б.]. Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын - адал еңбекті, әділеттілікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық-зомбылықты, қиянатшылдықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой-санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтың түпкі түбегейлі арман-мүдделерін терең түсінуден туғаны анық. Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетиялық көзқарастары ХІХ ғасырдың екінші жартысында негізінен қалыптасты. ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл, ақын - жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған, Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды [7].

Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат - қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік

үлгі өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруда, шежірешілдігі - бәрі де өз заманының тілек - талаптарына сәйкес қалыптасқан. Шәкәрімнің ақындық әлемі бай, көп қырлы, тақырыбы, жанрлық түрлері жағынан да сан алуан. Ақынның «Еңлік-кебек», «Қалқаман-Мамыр» сияқты дастандарынан халық өмірін терең білетін, санғасырлық халық поэзиясының, сөз өнерінің бай дәстүрлерін, бейнелеу тәсілдерін еркін игергенін айқын аңғарсақ, фәлсапалық лирикасына өте күрделі философиялық ойларды әсерлі жеткізудегі ақындық шеберлігін, жаңашылдығын сезініп тәнті боламыз [3-255б.]. Шәкәрімнің өлеңдеріне шығарған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылады. Бұл жағынан алғанда Шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзі әдебиетінде өте сирек құбылыс дей аламыз.

Шәкәрім деизмі.

Түп иені іздеуге қозғау салған, өмірді жете танып білуге деген құштарлық пен талпынудан туған:

1. Неден бармын?
2. Не қылған жөн?

3. Жоғала ма жан өлген соң? – деген үш сұраққа Шәкәрім айрықша мән бере қараған.

Шәкәрім танымындағы төменгі қабат - күн жүйесіне байланысты туындаған. Шәкәрім күн - ата, жер - ана деп қарап, жер планетасындағы тіршіліктің пайда болу, даму жолын яғни, «неден бармын?» деген философиялық сұраққа жауап беруге ұмтылатыны «Тіршілік, жан туралы» өлеңіндегі ой-толғаныстарында тереңнен талдай отырып берілген. Шәкәрімнің екінші сұрағының яғни «не қылған жөн?» деген мәселеге беретін жауабы - адамның уақытша өмір жолында құлшынып әрекет ететін мақсаты бар ғылым жолында табанды түрде еңбектенуін айтады. Сондықтан, ұжданды пенденің мұрат-мақсаты қайда жатқанын, арман-мақсатының темірқазықтай адастырмас бағытын үлкен сеніммен бағыт - бағдар бере жөн сілтейтінін көреміз. «Ар ғылымы оқылса», – деп армандаған ойлы ақынның келер ұрпаққа нұсқаған адамшылық жолы – әр адамның жан тілегіне айналған ұжданды (әділет, ынсап, мейірім) тұла бойына ұялату болғандықтан: «... ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылман жолы сияқты», - деп осы жолды бүкіл өмір бойғы ізденісінен туған аса зор мән-мағынаға толы ой-қорытындысын ұсынады. Шәкәрім қойған үшінші сұрақ – «Жоғала ма жан өлген соң?» жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасындағы философиялық лирикалары мен қара сөздерінде желі тартады. Жантану ілімі жайында Жүсіп Баласағұн мен Қожа Ахмет Ясауи

шығармаларында теологиялық тұрғыдан тереңірек қарастырылса, ХУ-ХУІІІ ғасырдағы қазақтың ауызша жырланған поэзиясында да тікелей болмаса да, жанама түрде ой - пікірлер айтылып табиғи жалғастық тауып келген. Ал ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басында жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасының өзекті желісінің ғылыми рухани кілтін айналып, өз заманының шырқау биігіне көтерілді [5-1106].

Қорыта келгенде, Шәкәрім өмір бойы өзін - өзі жетілдірумен өткен адам. Оккультизм, спиритуализм, магия мәселелерімен де қызықты. Ал, оның философиялық дүниетанымында ежелгі антикалық классиктер Пифагор, Демокрит, Эмпикур, Платон және Аристотель негізгі орын алды. Ол сондай-ақ ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы француз философы Огюст Конт, ағылшынның позитивист философы Герберт Спенсер, Нелийдін, идеалист пессимист философы А. Шопенгауэрдің т.б. философиялық еңбектерін өте жақсы білді. Бұдан біздің нақтылы айтарымыз, Шәкәрім өзіне дейінгі болған, өзінің рухани ұстаздары Шоқан, Ыбырай, Абайға қарағанда, грек, Еуропа кәсіби философиясының тарихымен тікелей шұғылданып, оларды тек танып біліп қана қоймай, өз пікірлерін, ойларын ортаға салып, айта отырып, өмірге қазақ кәсіби философиясының ірге тасын қалап, өзі де нағыз қазақтың алғаш кәсіби философы атанды. Сөйтіп, қазақ философиясының деңгейін әлемдік философияның қатарына қосуға жақындағанда түсті. Біз ұлттық философиялық тұғырнамамыздың бастауы, қалыптасуы осы кемеңгер ойшыл, ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлынан басталады деп батыл айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 1 – т.-Алматы : Раритет, 2007. – 448 б.
- 2 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2 – т.-Алматы : Раритет, 2007. – 376 б.
- 3 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 3 – т.-Алматы : Раритет, 2007. – 376 б.
- 4 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 4 – т.-Алматы : Раритет, 2007. – 376 б.
- 5 **Шәкәрім Құдайбердиев.** Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
- 6 **Оразбек, М.** Ақындық тұлға табиғаты (Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт): Зерттеу. – Астана : Фолиант, 2002. – 152 б.
- 7 «bookchamber.kz» сайтындағы кітаптар базасы.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 28.06.13 баспаға түсті.

Д. Д. Амангельдинова, Л. Н. Бегимова

Философская точка зрения Шакарима Кудайбердиева

Павлодарский государственный университет
имени С.Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 28.06.13.

D. D. Amangeldinova, L. N. Begimova

Philosophical point of view of Shakarim Kudaiberdyuly

Pavlodar State University
named after S. Toraiyrov, Pavlodar.
Material received on 28.06.13.

В данной статье мы познаем философскую точку зрения Шакарима и даем анализ его мышлению.

In the given article we get aware of the philosophical point of view of Shakarim and give the analysis of his outlook.

ӘОЖ 101.1

М. Ш. Амантаева, М. С. Еремекбаева

АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Абайдың ағартушылық идеялары мен ой бағдары сан салалы бағытта көрініс тапты. Ұлт болашағы үшін, өркениетті елдер қатарына жету үшін білім алу, ұрпаққа жасынан оқу оқыту, ғылымды игерту, имандылыққа, адамдыққа, өнерлі болуға тәрбиелеу. Кәсіптің түрлі салаларын меңгеруге, адал еңбек етуге үндеу, т.б. мәселелер Абай шығармаларында кең қамтыла сипатталады.

Абай есімі - қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен қайта жаңғырудың, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік символы.

Зәки Ахметов

Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының күрделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшылықтары белгілі дәрежеде қиындық туғызды.

Бұл жұмыстың мақсаты Абайдың философиялық көзқарасы деген ұғымды нақтылау, оның табиғатын саты-сатылап ашу болды. Осы мақсатта ойшылдың философиялық көзқарасын іріктеп алып, оның мазмұн бітіміне ой шолу жасадық.

Ұлы Абай философиясы адам баласының рухани-интеллектуалдық байлығын өсіру мен мінез-құлқын түзеп өзгеру мақсатын алдына қояды. Яғни кіндік мәселе - адам тәрбиесінің қамы. Бұл туралы кезінде М.Әуезов былай деп тұжырымдалған еді: «Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі. ...жеке адамдарды жаманшалықтардан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзеп өзгертпек болады» [1-136 б.].

Абай өз өлеңдері арқылы бізге тұңғыш рет нәзік лириканы да, толғауды да, элегияны да әкелді, сөйтіп оған дейін үйірлік сезім-түйсікпен өмір сүріп, сосын көзін ашып оянып, дереу рухани қорек іздей бастаған қазақтың жаңа адамның талап-талғам иесін тәрбиелеп, шындап өсірді. Абай өзінің әртүрлі қоғамдық тақырыптарға жазылған мүлде нашар сатиралық өлеңдерімен, сол сияқты әлі де ескірмеген алуан-алуан тақырыптарға шығарылған таңғажайып жырларымен – мәселен, ер мен әйелдің қарым-қатынасы жайлы, махаббат пен поэзия жайлы, айналадағы табиғат жайлы жырларымен, ақырында Лермонтовтың, Пушкин мен Крыловтың шығармаларын асқан шеберлікпен аударуы арқылы мүлде қалыпқа түспеген ауал адамның ой-өрісін кеңейтіп көңіл көзін ашты, оның ақындық дарын-қабілетінің күллі поэтикалық күші көркем аудармаларынан айрықша көрінеді [1-135-137 бб.]. Ақын мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы философиялық шығармасы жоқ. Дегенмен, Абайдың кептеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұздан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір келемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз» [2]. Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының күрделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшылықтары белгілі дәрежеде қиындық

туғызды. Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде, 20-30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, Ы. Жансүгіровты. б. Абайдың ақындық мұрасын арнайы - социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды. «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, - деп жазды Мұқанов, - Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі» [2].

Табиғат құбылыстарын тұрақты қозғалыста және даму үстінде, өзара байланысты және себептес деп қарастыратындықтан, ақын әлемнің бір орнында тұрмайтынын атап көрсетеді. Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды. Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтынын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсінді: «Дүние - үлкен көл, Заман - соққан жел, Адуындағы толқын – ағалар Артқы толқын - інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай керінер...» [2].

Абайдың пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет. Абай паракор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды әшкерелеп отырды. Халықтың игілігіне жету жолындағы бұл қырсықты ғылым мен білім арқылы ғана жоюға болады деп есептеді. Ол жастарға үздіксіз еңбек етіп, білім алуы міндет етіп қойды. Білім алуға жұмылған еңбек әрқашанда жемісті және ізгілікті болатынын қадап айтты. Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол — оқу-білім екенін көзі қарақты жастарға түсіндірді [3-119-122 бб.].

Абайдың философиялық көз қарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты-тарихи ережелер жүйесін қаз-қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады. Абайдың дүние танымындағы айналадағы қоршаған әлемнің объективті шындығы таным барысын құдайға сенумен және жанның өлмейтіндігімен ұштастыра қарастыратын көзқарасы қарама-қайшылықта және күрделі болып келеді. Солай бола тұрса да ақын құдайды табиғат-адамзаттың болмысының алғашқы себебі деп есептемейді, ол дүниені әлдеқандай күш жаратты дегенді теріске шығарады. Әуезов айтқандай «... тіпті, оның ақынның діни наным мен сеніміне байланысты өлеңдерінің

езі ең басты мәселеде мұсылман дінінің кітаби қағидаларына қайшы келеді». Абай көз қарасынан антропол. принциптерде көрініс тапқан. Ол бүкіл табиғатта орталық тұлға етіп адамды қояды, философиялық ойларының көпшілігінде адам және адамгершілік мәселесіне баса көңіл бөледі. 17- 19 ғ-лардағы антропологизм, тіпті, Фейербахтың езі де, адамды абстрактылы түрде, жайғана биологиялық тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін табиғи шығу тегіменен ғана түсіндірді. Абай адамды табиғаттың бір белігі деп санап, оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептейді, ал объективті дүниенің құбылыстары адам басында сәуленеді де, оның психикалық қызметінен көрініс табады. Адам мәселесін Абай әр түрлі: философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық және әсіресе, этикалық көзқарастан қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегінде айтып атын ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай Жетінші сөзіндегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеулік... Дүниенің көрінген Нәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», - дейді ойшыл-ақын. Объективті шындықты тануға деген бұл құмарлықты ақын адамның ең жоғарғы талабы деп біледі. Абай адамның қасиеті туралы ойын өрістете келіп: «Адам баласы екі нәрсеменен: бірі - тән, бірі - жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсіби - оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы - жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Ақыл, ғылым - булар - кәсіби», - деп атап көрсетеді. Қ. Бейсембиев ақынның адам бойындағы туа бітетін «екі бастау» туралы тұжырымдарына «Абай дуализмге жол берді» деп есептеді [4-285-286 бб.]. Ақиқатында Абай да Чернышевский сияқты адам бойындағы заттық және рухани бастауларының бірлігін, адамның тұтастығын айқынырақ ашып көрсетуді мақсат етті. Ақын орыс ойшылдарының еңбектері мен өз қолына түскен жаратылыстану ғылымының деректері негізінде табиғатқа материалистік монизм тұрғысынан қарап, адамның «рухани қызметін» оның дене еңбегінен бөліп алу дұрыс емес деп есептеді. Ал, бұл бір-біріне тәуелсіз материалистік және идеалистік, жеке дара екі бастауды мойындаудан келіп шығатын дуализмге түбірімен қайшы нәрсе. Герцен жазғандай дуализмнің ең басты принциптері «... шын мәнісінде бөлуге болмайтын нәрсені - мысалға, дене мен рухты -жасанды қарама-қарсылықтарға бөлу болып табылады, бұл дерексізденулерді бір-біріне қастықпен қарсы қою және мызғымастай болып біріккен нәрселерді жасанды жолмен өлшеу».

Абай әлемді тануға болатындығын мойындап, болмыс пен сананың шегін ажыратуға болмайтындығын теріске шығарады, бір бүтіннің бөлшектері ретінде адам мен табиғаттың тұтастығы туралы айқын тұжырымдар жасап, саналы адамның біртұтас табиғаттың үздіксіз дамуының нәтижесі екенін дәлелдейді. Әлемнің тұтастығы туралы мәселе философия тарихындағы ең күрделі тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай мұны сана тудырған емес, өзінше объективті өмір сүретін әлемнің материалдық тұтастығы, бірлік деп түсінді. «Бір» демеклік... алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін, - деп жазды Абай, - мүмкін аттың (болуы мүмкін нәрселер) ішінде не нәрсенің үждүі (бар болу, бар болушылық) бар болса, ол бірліктен құтылмайды» [5-219 б.]. Әлемнің материалдық тұтастығы туралы тұжырымдарында Абай Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген еңбегінде материалистік философияның аса маңызды ережелерін негіздеп берген бағытты одан әрі жалғастырды. Абай әлемнің материалдық тұтастығын атап көрсетіп, «қудай жалғыз» деп дәлелдейтін діни қағиданы теріске шығара келіп, бұл туралы: «Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік...-ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз», - деп жазды. [5-220 б.]. Ол дуалистерге көрісінше «езінің өзі жасаушысы және себепкері» болып табылатын табиғаттың ғана өмір сүретінін мойындады. «Бұл ғылым күдірет... кезге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпен жарастырып, қандай күдіретпен орналастырған... адам пендесінде ақыл-хүкімші қайрат, қуат қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс» [2]. - деп, Абай адамды аллаға теңестіру арқылы объективті шындықтың, яғни, табиғаттың өзіне-өзі себеп болатынын, оның барлық заттардың мәні мен болмысының себепшісі болып табылатынын, өз болмысы үшін ешқайсысына тәуелді еместігін атап көрсетті. Абай дәуірін қысқаша шолып шыққаннан кейін біз көп қиналмастан-ақ Абай философиясының әлеуметтік-экономикалық мәнін еркін талдай аламыз. Алға қойған міндетті шешу ісіне кіріспей тұрып қаралып отырған мәселені анықтай түсу үшін, біз әуелі философия деген түсініктен не білгіміз келетініне жауап беруіміз керек [2].

Абайдың “қара сөздері” немесе “Ғақлиясы”. Бұл – өмірінің соңында жазылған туындылары. Бұл қара сөздер – көркем әңгіме емес, алайда оларды даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар деп қарастыруға болады. Абай қара сөздерінің жалпы саны – 45. Абайдың қара сөздері – оның шығармашылығының мәнді, қомақты бір саласы, ақынның мұрасына қосылған бағалы еңбек. Абай қара сөздері өз заманының тарихи шындығынан туған. Сол дәуірдегі қоғамдық құрылыс, қанаушылық, озбырлық, зұлымдық, күнделікті сан алуан надандық іс-әрекетке байланысты Абайдың ой қорытындысы. Бұл - ұлы ақын Абай Құнанбаевтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өмір, тіршілік құбылыстары мен болмыс жайлы тұжырымы, адамгершілік

жөніндегі өсиеттері. Абай өзінің қара сөздері аоқылы да тілімізді қазақ жазба әдебиетінде биік белеске шығарды [5-218-227 бб.].

Қорытындылай келгенде, Абай өзінің өлеңдері арқылы қазақ поэзиясына бұрын-соңды болмаған өзгерістер әкелді. Ол өзгерістер өлең ұйқасына, өлең тармақтарына, өлең бунақтары мен буын санына қатысты болды. Сондай-ақ тақырыптық, мазмұндық жағынан да, табиғат лирикасы, түрлі көңіл-күй, ішкі сезімді жеткізуге арналған махаббат, т.б. лирикалар болып бөлінетін жанр түрі Абай шығармашылығы арқылы келіп, қазақ поэзиясын сапсы биік сатыға көтерді. Абай шығармалары ұлттық сөз өнеріміздің көркемдік үлгісі ретінде орнықты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 “Алаш ақиықтары” – Алматы : «Алаш», 2006. – 578 б.
- 2 http://kk.wikipedia.org/wiki/Абайдың_философиялық_көзқарасы.
- 3 Қазақ әдебиеті – Алматы: «Мектеп», 2010. – 191 б.
- 4 Абай. Энциклопедия. – Алматы : «Атамұра», 1995. – 720 б.
- 5 Қазақстандағы саяси-қоғамдық және философиялық ой тарихының очерктері. – А., 1976. – 380 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 28.06.13 баспаға түсті.

М. Ш. Амантаева, М. С. Ермекбаева

Философские взгляды Абая

Павлодарский государственный университет
имени С.Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 28.06.13.

М. S. Amantayeva, M. S. Yermekbayeva

The philosophical views of Abai

Pavlodar State University named after S. Toraiyrov, Pavlodar.
Material received on 28.06.13.

Просветительство Абая, его идеи и мысли помогли найти различные проявления тенденций. Для будущего поколения, гуманности, гуманизму, и их воспитанию. В своих сочинениях Абай призывает усваиванию различных отраслей, к честному труду и многому другому.

Abai's enlightenment ideas and thoughts found expression in many directions. For the future of the nation, for the development of the country

it is necessary to educate the future generation to help learn the science, humanity, humanism, and to raise them to be skilled. In his works Abai appeals people to master various professions and to work honestly.

ӘОЖ 1 (091)

Д. М. Байтлеуова, А. Б. Мейрамова

ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫҢ РУХАНИ ЖАҚЫНДАСТЫҒЫНЫҢ ӨЗАРА ӘСЕРІ (Ш. КУДАЙБЕРДИЕВ ПЕН Л. ТОЛСТОЙДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ БАРЫСЫНДА)

Бұл мақалада автор Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Лев Николаевич Толстой арасындағы достастығының заман философиясына, халық көзқарастарына тигізген әсері туралы сөз қозғайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық дүниетанымын, оның тарихи санасының қалыптасуы мен шығармашылық жолын зерттеу барысында, жан-жақты талдау қажет ететін бірнеше мәселелерді кездестіреміз. Солардың бірі рухани жолда өзіне ұстаз тұтқан орыс халқының ұлы ойшылы Л. Н. Толстой мен Шәкәрімнің арасындағы рухани жақындық туралы мәселе.

Сөз жоқ егер біз бұл ойшылдардың арасындағы рухани жақындық туралы ой қозғасақ ең алдымен оларға ортақ рухани жол, ілім ислам дінінің болғандығы шындық. Л. Н. Толстой мен Шәкәрімнің де адамгершілік қағидаларына ислам дінінің гуманистік идеялары ерекше әсерін тигізген. Оны ойшылдардың өздері талай айтып, жазып та кеткен.

Дегенмен мәселенің екінші жағы бар. Бұл жерде әлем ойшылдарының арасында ислам дінін мойындап, оған ерекше құрметпен қараған ойшылдарды шығыс халықтарының арасынан іздегеннің өзінде, батыста Гете, орыс халқында Пушкиннің ислам мәдениетіне деген көзқарасы қаншалықты болғаны белгілі. Бірақ ол сияқты ойшыл дәл осылардың ішінде неге Толстойды өзіне ұстаз тұтып, оның көзқарастарын жоғары бағалады деген заңды сұрақ туындайды.

Жалпы Толстой өз заманында қазақ ойшылдарына біршама әсер етіп, оның әңгімелерін Әлихан Бөкейханов («Бір уыс бидай»), т.б. жазушылар да аударып, XX ғасырдың басында «Қазақ» және басқада газеттерде жариялаған болатын [1].

Бірақ Толстойға өлең арнап, оған жақтас болып, оны ерекше бағалап ұстаз тұтқан Шәкәрім болды. Неге?

Шәкәрімн ұлы жазушы Толстоймен рухани байланыста болған. Ол Толстойға хат жазып үш түрлі сұрақ қояды. Бұл хаттың өзі сақталмағанымен, Шәкәрімнің ұлы Ахатқа айтқан естелігі арқылы біздің заманымызға жетіп отыр «Адамның арына ең ауыр тиетін не нәрсе? Ірі шығармалар жазуға бет алдым, бұған қандай кеңес бересіз? Жазушы өз шығармасының қатесін қандай әдіспен көріп, сынап түзеуге болады» [2] – деген сұрақтарды Толстойға хат арқылы жіберген Шәкәрім, оларға жауап та алған.

Толстой: «Адам көпшілікке, жалпы қоғамға зиян келтіретін ақиқат істі біліп, соны үш нәрседен қорғанып, айтпай қалса, сол арға ауыр тиеді. Бірінші, сен өте бай болып, сол ақиқатты айтсаң байлығыңа зиян келсе, екінші, сен мансап иесі болып, сол ақиқатты айтсаң мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші сол ақиқатты айтсаң басың жазаланатын болса. Міне осы үш түрлі зардаптан қорғанып, көпке зиян келетін ақиқаты біле тұра айтпай қалсаң, арга ең ауыр тиетін осы» [3] – деп жауап қайырады.

Екінші сұраққа, «Сенің жазған шығармаларың өзің сол оқиғаға қатысқандай шынайы болуы қажет». Үшінші сұраққа, «Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, соны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді...

«...Егер адам өз істеген ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сынаға білсе, ақ жүректің нәзік сезімі ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қортындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ықпалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де, басқаның мінін де көре алады. Сондықтан әділ сыншы – ақ жүрегің» [5] – дейді Толстойдан философиялық мәні терең осындай тағылым алған Шәкәрім, өз шығармашылығында бұл қағидаларды берік ұстана білді. Оны игілікті ар жолында іске асырды. Үнемі терең тағылымнан қуат алып отырды. Шәкәрімді Толстойға жақындастыра түскен себептің бірі осы рухани қуат еді.

Шәкәрімнің философиялық көзқарастарының ерекшелігі сонда, ол адамның ішкі рухани дүниесіне ерекше көңіл бөліп, қоғамдық процестерді адамдандыруға тырысты. Қоғамдық қатынастардан адамды іздеуге тырысты.

Шәкәрім әрбір қоғамдық қатынастардан адамды, оның мәнін іздеді. Адамның адамдық мәніне сәйкес келмегенде оларды сынға алып отырады. Бірақ Шәкәрім өз заманындағы қоғамдық процестерден адамды тапқан жоқ. Қоғамдағы саяси әлеуметтік жағдай, қоғамдық ортаны адамдандыруға мүмкіндік туғыза алмады. Бұл ойшылдың қалыптасқан қоғамдық қатынастарды жатсынуына себеп болды. Қоғамдық қатынастар адамнан жоғары тұрған кезде жатсыну басталған еді. Шәкәрімнің ойынша сол кездегі қоғамдық ортаны түзету үшін алдымен адамды түзету қажет. Ақ патша үкіметі ұстанған саясат, Шәкәрімнің ойынша ондай мүмкіндікті қанағаттандырмайды. Ендігі мақсат рухани еркіндікке жету. Ол үшін адамның еркіндігін көксеген

қоғам орнату қажет. Патша үкіметін құлатқан соң орнаған кеңес үкіметінің де адамға деген көзқарасы түзелудің орынына тіптен сорақыланды. Шәкәрімнің кеңес үкіметі кезеңіндегі шығармашылығы мен оған деген көзқарасы туралы мәселе өз алдына бөлек тақырып. Қоғамдық өмірде Шәкәрім үнемі адамды ең басты орынға қойып, оның бақыты мен болмысын әрқашанда негізгі мәселе ретінде қарастырады. Алдыңғы қатарлы деп саналып келген демократиялық орыс мәдениеті, империяның отаршылдық саясаты, Еуропа мен шығыстың рухани мұралары, мұсылмандық пен христиан мәдениеті, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы рухани өмірге тікелей ықпалын тигізген негізгі қайнар көздер болды. Міне, осы ғасырлар тоғысындағы адамның рухани дамуы, ойлау еркіндігі, қаншалықты дамуда, қай жолмен жүрген дұрыс деген сұрақтар Шәкәрімді толғандырмай қоймады.

Сонымен қатар, Шәкәрім жалқаулық, енжарлық өте зиянды әдет деп әшкерелеп, жастар бойында ғылымды меңгеру, халық ағарту ісі мен туған елдің прогрестік дамуы жолындағы барлық қиындықтарды жеңу үшін күш – жігер, ерлік, еңбек сүйгіштік қасиеттердің мол болуын уағыздайды. Қай өлеңін алып қарастырмайық, ақын адам мұраты, адамның жақсы қасиеттері адал еңбек нәтижесінде қалыптасатынын тұжырымдайды. Мысалы: Мейірім, нысап, ақ пейіл, адал еңбек – Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол. Шәкәрім 1898 жылдан бастап түп иені танып-білумен ол жолдағы пайда болған жантану іліміне терең бойлау бағытына біржолата бет бұрып, қорытқан ой байламдарын: Қырықтан соңғы иманым, Отыз жылдай жиғаным, –деп, отыз жылдық іздену жолындағы қол жеткен ой желісінің негізін «Үш анық» [6] деп аталатын философиялық қолжазбасында желілі жүйеге түсіріп, баяндап берді. Шәкәрім түпиені танып-білу мен жантану іліміне өзіндік қайталанбас ой-пікірлері мен қорытынды ой-танымдарын ұсына отырып: Кейінгі жандар қабылдар Айтылған түзу жолымды, –деп, келешек заман жастарына өз рухани мұрасын аманат етеді. Әрине, Шәкәрімнің түзу жолы – бүгінгі біздің арман қуған тәуелсіздік замандағы рухани жолымызбен үндестік табуымен бірге заман талабына да сай келіп тұр. Өйткені қазіргі үшінші мыңжылдықта ғылым адамгершілік пен діни бастаулардан желі тартып, дін ғылымыланған кезде өз мәнімізді яғни жанымызды Шәкәрім меңзеген жолмен ғана тани алмақпыз. Шәкәрім сопылық поэзияның символдық бейнелермен перделенген белгілерін өз поэзиясында көркемдік тәсіл тұрғысынан пайдаланады. Мысалы: Менің Жарым қыз емес, Хақиқаттың шын нұры, –деп, сопылық поэзия классиктерінің бірінші сүю ұғымындағы Аллаға ғашықтықты сұлу жарға деген махаббаттық сезімінің орнына Шәкәрім «Хақиқаттың шын нұрына» балай суреттеуінен түп иені іздеп отырғаны айқын көрініп тұрады. Шәкәрім өз ұстазы Абайдың толық адам іліміне терең мән бере отырып, шығармаларында ұждан мәселесіне ерекше тоқталып өтеді. Ол XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу

біліг» [7] дастанымен жете танысып, ондағы жауәнмәртлік іліміне назар аударған, Ясаудидің кемел адам туралы хал ілімін де білген.

Абайдың толық адам ілімінің арғы түп төркіні осы аталып өткен шығармалардан желі тартып, өз заманы шындығына орай қазақ әдебиеті тарихында тың тақырып болып енген толық адам ілімін қалыптастырды. Осы ілімнен идеялық бағыт-бағдар алған Шәкәрім адамды рухани тазалық жолына түсіретін: Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, Зұлымдықты ешқашан әділ жеңбес деген қорытынды ойға келді. Өйткені білімді жұрт, өркениетті ел деген Еуропаның өзі (ар түзейтін ғылымы жоқ болғандықтан) хайуандықтан шыға алмай отырғанын атап өтеді, сонымен қатар: XX ғасырдың адамынан Анық, таза бір елді көрмей өттім, – деп, ауыр да өткір сын айтады. Философиялық лирикалары мен «Үш анық» трактатында Шәкәрім ұждан мәселесіне төтенше мән бере қарайтыны бар. Ынсап, әділет, мейірім үшеуі ұждан ұғымын құрайды. Өйткені «Ұждан – жанның тілегі. Неге десеңіз, жан – тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылай береді. Мәселен, таза дене, таза толық мінез, ой, істер керек қылады. Соның қатты бір керегі – совесть – Ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады» [9]. Яғни, Ұждан екі өмір үшін де қажет екен. Өлерін білген екі адамның біреуі жанның жоғалмайтынын, бұдан да таза болып жоғарылайтынына сенсе, үлкен үмітке қол артып, қуаныш сезіміне бөленеді. Ал, өлген соң жан жоғалады деген өкініште болып, үмітсіздік дариясының барсақелмес қайығына мініді. Осындай нанымдағы пенделерге қарап Шәкәрім: «оқ, шырағым, жанымыз жоғалмайды, Екі өмірдің азығы – осы Ұждан Шын нану – ақылымен қабылдауы, Қалады зұлымдықтан сөйткенде адам, —деп Ұжданның адам үшін екі өмірде де рухани азығы: ынсап, әділет, мейірім сияқты ақыл адами қасиетті әрбір саналы адам жастайынан бойына ұялату жолында болуын ескертеді. Өйткені «Ар түзер адамның адамдық санасын» деп, Ұждан ұғымына зор мән бере қарағандықтан: Шын таза жан тазалықпен Тәңірісіне барады ол. Мейірім, ынсап, әділеттен Ағызам деп нұр бұлақ!—деді.

Қорыта келе, Шәкәрімнің үлкен томға енген өз шығармалары (лирикасы, дастандары, прозасы, қара сөздері) оның ұлы Абайдан тәлім-тәрбие алған әрі шәкірті, әрі әріптесі екенін, классикалық Шығыс және Батыс әдебиетінен әсер, үлгі алған, ұлы орыс әдебиетінен, әсіресе данышпан Пушкин мен Толстойдан әсемдік рух, ләззат алған дарынды талант екенін танытып, көзімізді жеткізеді. Шәкәрім мен Толстой арасындағы мәңгілік рухани үндестіктің тағылымы мол екені сөзсіз. Себебі бұл екі ойшыл қазақ пен орысқа ортақ рухани қазына іспеттес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бөкейханов, Ә.** «Бір уыс бидай», «Қазақ» газеті. 1911.
- 2 Шәкәрімнің Л.Н. Толстойға жазған алғашқы хаттарынан үзінді.
- 3 Толстойдың Шәкәрімге жазған жауабы.
- 4 Толстойдың Шәкәрімге берген ақыл-кеңесі.
- 5 **Құдайбердиев, Ш.** «Үш анық». 1913-1918.
- 6 Жүсіп Баласағұн «Құтты білік». 1069-1070.
- 7 http://asyl-bilim.kz/load/p_nder/aza_debiети/sh_k_rim_dajberdi_ly_1858_1931/10-1-0-24.
- 8 http://www.referati.kz/load/referaty/aza_debiети/bt/69-1-0-1892.
- 9 **Жетібаев, Е.** «Шәкәрім ойларының ерекшелігі» // Қазақстан мектебі. – 2009. – № 7. –3-8 б.
- 10 **Кішібеков Д., Садықов О.,** «Философия» (оқулық)//Қарасай баспасы.-2008. -№ 1. -101-103б.
- 11 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 28.06.13 баспаға түсті.

Д. М. Байтлеуова, А. В. Мейрамова
**Взаимовлияние творческого сотрудничества великих мыслителей
(на примере Ш. Кудайбердиева и Л. Толстого)**

Павлодарский государственный университет
имени С.Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 28.06.13.

D. M. Baitleuova, A. V. Meiramova
**Interference of creative cooperation of great thinkers (on the example:
Sh. Kudayberdiev and L. Tolstoy)**

Pavlodar State University after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 28.06.13.

В данной статье авторы затрагивают тему о влиянии на современную философию дружбы Шакарима Кудайбердиева и Льва Николаевича Толстого.

In this article the authors touch upon the subject of influences on the modern philosophy of Shakarim Kudayberdiev and Leo Tolstoy friendship.

Е. А. Ержанов

ФЕНОМЕН АНТИРЕЛИГИОЗНОЙ СУЩНОСТИ МАРКСИСТКО-ЛЕНИНСКОЙ ИДЕОЛОГИИ

Бұл мақалада автор салыстырмалы талдау арқасында марксистік идеологияны діни культқа айналуың ашады.

Большой научный интерес представляет исследование проблемы феномена антирелигиозной марксистско-ленинской философии как одного из наиболее реакционных учений XIX-XX столетий. И поскольку воинствующий материализм был вплетен в живую ткань в различных сферах советской общественной жизни, и имело место в религиозной жизнедеятельности советского народа, то следует, на наш взгляд, понимать, прежде всего, как специфическую форму адаптации человека в особых условиях социалистической реальности, как способ социально-политического функционирования в классовом обществе. Вследствие этого, несомненно, огромное эвристическое значение всестороннего исследования данного культурно-исторического феномена выступавшего против религиозной формы сознания.

На наш взгляд, религиозно-догматические тенденции и религиозные аспекты марксистской идеологии требуют комплексного и пристального философско-религиоведческого анализа.

Следовательно, мы должны проводить не констатацию отдельных фактов общности марксистской идеологии и традиционных конфессий, а перейти к вдумчивому и систематическому поиску аналогов, вычленению, как общих закономерностей, так и своеобразных, принципиально противоречивых параметров. Поэтому по нашему мнению без этого, мы, никогда не сможем сориентироваться в самих себе, в закономерности развития нашего общества. Надо отметить, что вследствие обширности и емкости данной проблемы настоящая статья не является полной исчерпывающей аналитической работой, а лишь эскизным вариантом.

Итак, прежде чем приступить к поиску аналогии марксистской идеологической структуры и эволюции со структурой традиционных конфессий, мы соответственно обязаны постараться определить исходные положения такого умозаключения по аналогии. Сопоставить соотношения каких-либо явлений представляется возможным лишь в определенном аспекте если эти явления идентичны, входят в одну категорию феноменов, признаков и подчиняется общим законам этой категории явлений, по-разному

проявляющихся в них. Основательность общности марксистской идеологии и традиционных конфессий, детерминировано их свойственностью к одному классу явлений и делающее их сравнение не фигуральным, а реальным. Таким образом, перед нами стоит задача выявления степени вероятности, что марксистская идеология является объектом веры.

В самом деле, вера – это не только глубокая убежденность в существовании высших божественных сил, какой-либо идее, ценности которой соответствует реальности, внешнему опыту, а в том, что она удовлетворяет нашим внутренним, человеческим потребностям, придает смысл и значимость нашего бытия. Идеи, не обладающие такой ценностью, значение которых – чисто фиктивное, без сострадания и угрызения совести отвергаются, как неимеющиеся реальной объективной наполненности.

Именно факт веры представляется нам вероятным для сопоставления марксистской идеологии с христианством, исламом, буддизмом и другими конфессиями. Марксизм – это научная теория, превратившаяся в объект веры. Именно как реальная вера она вела мучеников и адептов этой идеологии на алтарь жертвенности.

